

Марфуға БЕКТЕМІРОВА



Аққуым менің,
қайдасың?




Марфуға БЕКТЕМІРОВА

Аққуым менің, қайдасың?

(Өлеңдер)



Алматы
«РИИЦ-Азия»
2006



Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылды.

ББК 84 Қаз 5

Б

Б39 М. Бектемірова

Аққуым менің, қайдасың? Өлеңдер. — Алматы, 2006. — 80 бет.

ISBN 9965-9044-0-5

Есімі елге танымал талантты ақын Марфуға Бектемірованың «Аққуым менің, қайдасың?» атты жыр жинағына нәзік сезімге толы өлеңдері енген. Өлеңді — өмірім деп ұққан ақын сөздің құдіретімен тірліктің сан қырлы жақтарын көрсетіп, ондағы адамдардың жарқын бейнесін сомдауға тырысады.

Жүректен өткен ызғар, қоштасқан құстардың аянышты дауысы, табиғат құбылыстары, жұмыр жерде болып жатқан түрлі тарихи оқиғалар ақын жүрегін тебіреніске түсіреді.

Кез келген жанның бойынан табыла бермейтін тұғыры биік адами қасиеттерді бойына бала жастан сіңірген Марфуғаның өлеңдері келер ұрпаққа үлгі, өнеге болары даусыз.

ББК 84 Қаз 7-5

Б 4702250202
00(05)-07

ISBN 9965-9044-0-5

© Бектемірова М, 2006

© «РИИЦ Азия», 2006

ОҚЫРМАНҒА

Бұлтсыз шақта жаздың күні,
Көз тартады сұңғақ тау.
Ақын қыздың аз ғұмыры,
Талайларға жұмбақтау.

Өлең-жырдың киесіне
Сен де мойын бұрарсың,
Жылап тұрып күлесің де,
Күліп тұрып жыларсың.

БІР АҚЫН ҒАЙЫП БОП, БІР АҚЫН ТУҒАНДА

Токтаусыз,
Дүниені сел қылып,
Аспаннан ақ нөсер құйғанда,
Ай көзі мөлдіреп тамшыға тұнғанда.
«Ақындар жоқ енді!» — деп біреу...
Қуанып тұрғанда.
Сенің де, менің де сезімім
Тосқауыл бола алмас мұңдарға.
Сол кезде...
Дүние... қайтадан жаңарар,
Қайтадан аққулар оянар,
Қыран да құздарға қона алар,
Жер беті жасыл бояуға боянар,
Сапарға кеткендер оралар.
Сол кезде...
Сені іздеп,
Мен де келемін бұл маңға,
Бір ақын ғайып боп...
Бір ақын туғанда...

ҚАРА ТҮН... ҚАРА АТТАЙ ТЫШЫРШИДЫ

Көз салдым...
 Дүниеге қара жерден,
 Тұман басқан көшелер...
 Қала мең-зең.
 Түнде де,
 Түрткілейді өлең келіп,
 Ақынға,
 Дұрыс дейді жаза берген.

Қара түн...
 Қара аттай тыпыршиды,
 Тұяғы жер тарпыса...
 Бұлт ыршиды.
 Тұяғы
 Тұлпарымның тиді ме екен?
 Аспанда...
 Ай ақырын ыңыршиды.
 Қара түн...
 Қара аттай тыпыршиды.

МАХАББАТ-ӨЗЕНІН ЛАЙЛАУҒА БОЛМАЙДЫ

Жүрегім сезеді...
 Келгендей кезегі,
 Шөлдерде құс бар ма?
 Талмайтын өзегі.
 Сол шөлде, о ғажап!
 Ғасырлар бойына
 Мөлдіреп ағады,
 Махаббат-өзені.

Жүрегім сезеді...
 Құдайым сездірген,
 Бір сарай саламын,
 Ғажайып сөздерден.

Ғашығым, көзінді аш!
 Мендегі дүние...
 Осылай өзгерген.

Ай салам, жыл салам,
 Бір сарай орнайды,
 Ешкімге рұқсат жоқ,
 Махаббат-өзенін
 Лайлауға болмайды!
 Өтірік ғашық боп,
 Жүргендер сорлайды.
 Махаббат-өзенін
 Лайлауға болмайды.

ЖАНЫҢДА АҚЫЛ АЙТАР АНАҢ БОЛСА

Келген көктем кетеді... қалмас, сірә,
 Өткен уақыт жұқартар алмасты да.
 Бәрі мәңгі екен ғой деп қаласың,
 Бұл дүниені көргенде алғашқыда.

Жүресің жүрегіңмен жыр ғып бәрін,
 Белгілі, жақсылықты шын құптарын.
 Жазықсыз аққуларға оқ ататын,
 Білмейсің, бұл дүниеде сұмдық барын.

Бұл өмір бір көргеннен ұнады ма?
 Керемет... құзғыны да, қыраны да.
 «Махаббат мәңгілік!» — деп айқайлайсың,
 Саңырау дүниенің құлағына.

Қиялыңды ұшасың қанат қылып,
 Теңізге де түсесің балақ түріп.
 Ойлайсың... бұл дүние таза екен деп,
 Кіршіксіз көк аспанға қарап тұрып.

Бір күні қызық деген таусылады,
 Бір күні мәңгі бітпес дау шығады.

Дүние-майдан деген, сол майданның
Ішінен қай жауынгер сау шығады?

Сен едің ескегіңе сенген қайық,
Керек пе ғашыққа да сендей ғаріп?
Арқаңнан қанатымен сипап қана,
Махаббат өте шығар сені айналып.

Бақ құсы айналып кеп саған қонса,
Шіркін-ай, қайырымды заман болса.
Достарың сырт айналып кеткен кезде,
Жаныңда ақыл айтар анаң болса.

АҚ ҚАРҒА АЙНАЛАМЫЗ КҮНІ ЕРТЕҢ

Тағы бір қыс оралды, бүгін маған
Қарап тұрды апшақ ай құбыладан,
Кеудемді аямастан соқты ағыс...
«Қош бол» деп...
Қол бұлғады ғұмыр-арман.

Тағы да қар жауады... білем, білем,
Жер-ана, ағарады күрең-денең.
Сыртымнан сөз теретін пенделерге
Үн қатпай жүре берем, күлем де мен.

Тағы да ақ борандар аласұрар,
Жылайды көрі ағаштар жарасы бар.
Мүз жамылып жатса да, терең көлдің
Толқыны бар, тыңдайтын жағасы бар.

Қысың да құбылыс қой түбі терең,
Ақ қарға айналамыз күні ертең.
Талайдың ажалының сәті кеп тұр,
Шығады аң аулауға бүгін мерген.

Тағы да қар жауады, жауады қар,
 Өмірдің қайтаратын жауабы бар.
 Біреудің көздеп атқан оғы тиіп,
 Жатады аппақ қарда жаралылар...

АЛТЫНДАЙ ЕЛІМ, ӨР ЕЛІМ

Сүйіндім асқақ күйіңе,
 Алтындай елім, өр елім.
 Жеткізбей қойды-ау дүние...
 Теңіздей сенің тереңің.

Өзеурей келіп өктемдік,
 Тыңшымды алды талай түн,
 Бақытым қайда? — тек мендік
 Болуға мәңгі жарайтын.

Арманым қайда? — қанатын
 Қарағай сынды жаятын.
 Кезенсе біреу садағын,
 Құламай аман қалатын.

Махаббат қайда, мас болар?
 Орманың қайда? — адастыр.
 Көрмесем көзге жас толар,
 Тамшы да болса қарастыр.

Көргенде жүзін айнадан,
 Сағындым оның суретін.
 Найзадай жүзі қайралған,
 Үміт бер, өмір суретін.



АҚ ҚАЙЫҢҒА

(Автордың өзі жазған өні бар)

Қарайсың қайда,
Жанарды сүзіп, ақ қайың?
Айтсаңшы, еркем?
Сырынды жаймай, сақтайын.
Көз тігіп тұрсың...
Жәудіреп маған, елжіреп,
Үмітінді аппақ,
Аруым, қалай ақтайын?

Белгісіз өжет,
Сезімді құшып, бұлқынып,
Құрсаудан босап,
Шығам деп тұрсың жұлқынып.
Кейпінмен мынау,
Тебіренер бойды, ақ қайың,
Жаныма менің,
Жібердің ауыр мұң құйып.

Қайран боп тұрмын,
Ақ қайың, саған ішімнен.
Адамның бәрі
Жоқ әлі сені түсінген.
Тәкаппар түрмен,
Сен тұрсың көше бойында,
Ақырын өксіп,
Ақырын іштей күрсінген.

Түріңе сенің
Көз салмай өте алмадым,
Кеше еді гүлдеп,
Жапырақ бүршік жарғаның.
Кешелер мен де
Жаныңнан өткем қызғанып,
Ақ қайың, сенің...
Жоқ қой деп ешбір арманың.

ЖҮЛДЫЗ

2

Көкке қарап, ұзақ тұрам,
Жұлдыздың бәрі үндемес.
Қиялыңа тұзақ құрған,
Бірде жұлдыз,
Бірде елес.

Жете ме екен сыры терең?
Құдіреті тілдің де.
Жұлдыздардың еркелеген,
Бақыты не, білдің бе?

Бақыты не жұлдыздардың?
Жүрек, соны алшы ұғып.
Еңлік гүлдей бір құзардың
Төсінде тұр шаншылып.

ҚАРА ӨЛЕҢ, АСЫЛЫМ-АЙ

Өз орнында кең дүние...
Жанымды не сыздатты?
Өлдебіреу жанымға ие,
Жүрегімді мұздатты.

Ашпақ қарын бүркіп өтіп,
Қыс келеді жас мұнда.
Көңіл жүдеу, күлкі кетіп,
Қуаныштан қаштым ба?

Қара өлең, асылым-ай,
Алысқа мен жиналдым.
Серттен тайған ғашығым-ай,
Еске түстің, қиналдым.

Көзді жұмсам,
Қап-қара түн...
Тіршіліктен сескенем.
Қағазда жыр жоқ болатын,
Жазылмады-ау есті өлең.

Марфаға БЕКТЕМІРОВА

АҚКУЫМ МЕНІН, ҚАЙДАСЫН?

(Он төрт жаста жазылған өлең)
(Әні бар)

Есімде сонау
Сұрланған күзгі суық күн,
Қиқулай ұшып,
Қоштастың, аққу сүйіктім.
Жүректен ұшқан,
Нәзік бір сезім алаулап,
Өзің деп аққу,
Ағарған таңды сүйіпін.

Самғадың биік,
Айналып өтіп төбемнен,
Думанды тойым,
Өзіңмен бірге жөнелген.
Қимасым едің,
Алысқа ұшып кеттің де,
Қалдым мен жалғыз,
Сағынышқа бөленген.

Аққуым қайтып,
Келер деп әлі көктемде,
Самал жел кейде
Бетімнен келіп өткенде.
Аспанға қарап,
Зарыға күтіп мен жүрмін,
Төбемнен ұзап,
Ақша бұлт қалқып көшкенде.

Шырайлы жүзді,
Қуаныш-көктем жайласың,
Көгершін-көңіл,
Қанатын қағып самғасың.
Үніңді естіп,
Ұйқымнан түнгі оянам,
Қайдасың, аққу,
Аққуым менің, қайдасың?

СЕНІҢ КҮНІҢ НЕ БОЛАР, ҚАЙРАН ӨЛЕН?

Алдым сағым қарасам, артым сағым,
Сар сағымға қор болған алтын шағым.
Жұтқаныммен шөлім бір қанар емес,
Қара өленнің суыған салқын шайын.

Мұнайтады маңайдың сыңсып бөрі,
Көп күтіп ем, алдымнан күн шықпады.
Тілсіздерге не кінә, бөрінен де,
Тіліміздің қинайды тұншыққаны.

Өз жанымды сақтармын қайда да мен,
Сенін күнің не болар, қайран өлен?
Кейде осылай сөйлесіп қоям іштей,
Тауларыммен, даламмен, айналаммен.

ОЙЛАП ЖҮРМІН ӨЛЕННІҢ ҚҰДАЙЛАРЫН

Бір-ақ рет келетін ғасырдайын,
Махаббат бар,
Ұқ соны, жасыл қайың.
Мен де өмірді өзімше жырлап өтем,
Төлеген,
Мұқағали,
Қасымдайын.

Жүрегімде
Аққу бар сұңқылдаған,
Қиялымда
Қанат бар қырқылмаған.
Сонау балғын кезімде жетім етіп,
Неге тағдыр,
Берді екен сыртын маған?

Сыртын берді дүние,
Мұңаймадым,

Ойлап жүрдім,
 Өлеңнің құдайларын,
 Бір ойларым жұртыма жетті дағы,
 Қалып қойды жүректе бір ойларым.

РАХМЕТ СІЗГЕ

Қара күзғын төбемнен
 Қанаттарын қаққанда,
 Барлық қала алдымнан,
 Қақпаларын жапқанда.
 Жанұшырып өзіңе,
 Жеткен кезде алқынып,
 Шыққаның үшін алдымнан,
 Шағаладай шарқ ұрып,
 Рахмет Сізге!

Жаздан өтіп жапырақ,
 Күзге жақын қалғанда,
 Мені ұғатын бір жүрек
 Бар екен ғой жалғанда,
 Менің іздеп келетінімді,
 Көргендей бір түсінде,
 Қарсы алғаныңыз үшін де,
 Рахмет Сізге!

Мөлдіреген сезімдер,
 Мұнға терең батқанда,
 Аққу келіп ақ танда,
 Терезенді қаққанда.
 Қолыңызбен ұстап тұрып,
 Оттай ыстық жалынды,
 Аялағаныңыз үшін
 Менің нәзік жанымды,
 Рахмет Сізге!

АСҚАР ТАУДАЙ АЛЫБЫМ

Жазушы Сәбит Досановқа

Арғымақтай мініп жүйрік қаламды,
 Бауырыңа басқан едің ғаламды.
 Кітабыңды том-томымен қатарлап,
 Сәбит аға, келдің елге сапарлап.
 Жанға төктің жүрегіңнің жарығын,
 Келбетіңмен күнге ұқсаған алыбым.
 Қазағыңның даласындай кеңдігің,
 Асқар тауды мекендеген Кербұғым.
 Жазық маңдай, жарқыраған қалпыңда,
 Айналыпсың тот баспайтын алтынға.
 Туған елден алған ұлы айбынды,
 Кейде қатал, кейде аға қайырымды.
 Маңғаз мұңлы, ормандардай ну қалың,
 Тебіреніп, мың толғанып тұрғаның.
 Жерге, руға, жүзге ешкімді бөлмеген,
 Парасат боп, әділет боп сөйлеген.
 Жан-жүрегі аққан таза бұлақтай,
 Жанарлары жанған түнгі шырақтай,
 Жүрегінде шалқып жатқан дала бар,
 Жұмбақ болып жаратылған ағам бар.
 Күн ашылып, қар да жауды ғажабы,
 Табиғаттың ашылғанда ажары,
 Сәбит аға елге келді... жастық шақ,
 Шақырғандай балалықтың базары.
 Жан-жүрегің неткен мөлдір бұлақтай,
 Еш адамды өтсем дейсің жылатпай.
 Өміріңнің жұтып тұрып тамшы-уын,
 Жүрегіңнің бастың ба екен шаншуын?
 Сарыарқаның сайғағындай сыр аңдап,
 Сіз келгенде нұрын шашты бар аймақ.
 Сіз келгенде аспан ашық, айдын ақ,
 Тау мен тасты тіліп өткен тұяғы,
 Құлагердей құлашы кең арғымақ.
 Күн де жалғыз, жалғыз ғана ай көкте,
 Жұлдыз болып жаратылған жан көп пе?

Мұқановқа ұқсатқанмен біреулер,
 Әр жұлдыздың өз орыны бар көкте.
 Жазушы да еліміздің қорғаны,
 Бұлбұлдың да өз әні бар тордағы.
 Таулар тауға ұқсай берсін, бірақта
 Жақсы емес пе өз биігің болғаны.

ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ

Ғажайып түс секілді,
 Алдыңнан кұшақ жайған.
 Астана — гүл секілді,
 Көктемде қауыз жарған.

Сұңғыла Сарыарқада,
 Қосылған тілегіме.
 Астана — мәңгі қала,
 Еуразия жүрегінде.

Жақын кеп Еуропаға,
 Қазығын қаққан дара.
 Көсіліп кең жаһанға,
 Көз тігіп жатқан қала.

Ұлы іске болдым қайран,
 Ақ ордам — арқа тұтқан.
 Қорықпай қала салған,
 Жан ғана жүрек жұтқан.

Ұмытпас есімінді,
 Ғасырлар алмастырған.
 Мөп-мөлдір Есілімді,
 Арманмен жалғастырған.

Сұңғыла Сарыарқада,
 Айналған тірегіме.
 Қауызын жайған қала,
 Еуразия жүрегінде.

Оралып жортуыл мен жорықтан ай,
Тұрады аппақ нұрға тұнып маңай.
Мандайында оймақтай жұлдызы бар,
Төменде қалғып жатыр қарт Бурабай.

Арманмен бұл әлемде аспандайсын,
Ажалдың алдында да жасқанбайсың.
Жамылып қиялыңның «көк көрпесін»,
Ғажайып бір түс көріп жатқандайсың.

Ішінен тілеулес боп жарқын ғалам,
Шырқасам таудың әнін, тау тыңдаған.
Мұңлы бір дүниеге нұрын шашып,
Жүргендей тау ішінде «Алтын адам».

* * *

Тып-тыныш бұл әлемнен нені іздедім?
Ғұмырын аңсадым ба серілердің?
Алыста қалған айлар, күндерді аңсап,
Толқынын күттім бе әлде теңіздердің?

Тып-тыныш бұл әлемнен нені іздедім?
Таныдым балалықтың кей іздерін.
Мұңайған кара жерде бір мұңлықпын,
Жүрегім, Жұмбақтаспен егіз бе едің?

Шыққандай қоңыр тастан күй егіле,
Жаяулап жеттім, жаным, жыр еліне.
Алдымда жатқан тулап Бурабай ма?
Бұл әлде менің нәзік жүрегім бе?

Ай менен жұлдыздардың арасында,
Көшкен бұлт енді бізге қарасын ба?
Балалық қайта айналып келер ме екен?
Бір түнге... Айнакөлдiң жағасына.

Жүрегім кен әлемнен күй тілер ме?
От шашып ашық аспан күркірер ме?

Қарағай — ғашығымның құшағына,
Бурабай, келдім бүгін бір түнеуге.

Әнім бар бұл дүниеде бір күн салар,
Мен кетсем... құшағында күлкім қалар.
Сағынып Бурабайға жеткенімде,
Бетімнен сүйер ме екен, шіркін самал?

БУРАБАЙ ТҮНІ

Ғажайып түн... адам көзі қызығар,
Қызғаныштан бұлттың түсі бұзылар.
Бұл әлемде өзің жоқсың, жанымда
Жалғыз ғана Бурабайдың түні бар.

Армандаған мәңгі мекен етуді,
Бурабайда тастар да бар нетүрлі.
Түнгі шақта толқындардың үнінен
Үйрендім мен домбыраны шертуді.

Хан да өткен, Бурабайдан аулап аң,
Талай нөсер төбесінен саулаған.
Өткен ғасыр, өткен өмір осылай,
Өткен жылдар, бір-бірінен аумаған.

Оқжетпестің түксіп тұр қабағы,
Бұлт көшкенде бір қуанып қалады.
Әлсін-әлсін нөсер құйып өтетін,
Көкшетау ғой, Бурабай ғой баяғы.

Бурабайда мұздай-мұздай тастар бар,
Бізді кеше, менсінбейтін асқарлар.
Тағдырына тәубе дейді бұл жердің
Суық тасын аяғымен басқандар.

* * *

Бізді де жүр-ау біреулер
 Ұқсатып байлық қуғанға.
 Маңдайға жазар, бір алла,
 Шыр етіп сөби туғанда.

Байлықты қусам шынымен,
 Бай болып мүмкін кетер ем.
 Байлығын жердің бүгін мен
 Жүрекпен ғана көтерем.

Керуені толы жүгімен,
 Ақының байдан кем бе еді?
 Баймын мен...
 өлең, жырыммен,
 Бар байлық осы мендегі.

ҚАСҚЫР

Талай айттым сендей жатқа,
 Адам болып тұруды.
 Орман жаққа, келген жаққа,
 Қоймадың ғой ұлуды.

Жұртты оятар түнгі айқайың,
 Қой деймін мен наданға.
 Адам бол деп күнде айтамын,
 Қасқырға ұқсас адамға.

* * *

Кеудемде бір жақұтқа ұқсас,
 Жүрегім бар жасырған.
 Талай-талай қауіпті шақ
 Өтті оның басынан.

Надандардан ақылы жоқ,
 Сақта, Құдай, сорлыдан.
 Тисе тисін шыққан бір оқ
 Шын мергеннің қолынан.

Қара көзден шық тамады,
Шықсам биік бір құзға.
Сол жүрекке сұқтанады
Сауысқан да, құзғын да.

Жатқандайын мен балын жеп,
Басар біреу әуенге.
Өлең жазған қандай сән? — деп,
Жалбыр шашты әйелге.

Ақын қылды жаратқаным,
Қолдан бермен хақымды.
Сендерден де биікпін мен,
Сендерден де ақылды.

АҚЫНДЫ АҚЫН ТАЯҚТАСА — СОЛ ҚАЙҒЫ

Жатқандай мен төбеде жауды аңдып,
Өсек сөз бен жанға батты жалғандық.
Бұл өмірде өлең жазып, ән айтып
Жүруші едім асқар тауды арман ғып.

Гүл қурады... ерте түскен шықтан ба?
Өлең өлді... ақ паракты жыртқанда.
«Бұл кім өзі?»... деп халықтың алдына,
Кенет біреу айғай салып шықты алға.

«Мен кімін?»... ең алдымен ақынмын,
Өлең менің бауырым да, жақыным.
Ақынды ақын көре алмаса — қасірет,
Ақынға ақын жау болғаны — жат ырым.

Ақынды ақын табаласа — сол қайғы,
Өкініштің орны ешқашан толмайды.
Қасіретін сол күндердің ойласам,
Аспанымды қара бұлттар торлайды.

Ол кім сонша теңесетін өзгемен?
— деген сөздер жай тастады төбеден.
Осы күні аман болса, шіркін-ай,
Осы сөзді айтпас еді Төлеген.

Қарындасын қарлығашқа теңеген,
Меңдекештер ғұлама ғой, көреген.
Фаризаға жыр арнаған Мұқанның
Өлеңіне табылар ма тең өлең?

Ешкімге де «кереметпін» демедім,
Мен бір жатқан ашылмаған кен едім.
Кейде отырып өлең жазам, бір кезде
Болып қалар деп халқыма керегім.

ШЫРЫН СУЫ СЕЗІМНІҢ

Жалғыз қалдым қаңыраған қалада,
Ұлыған ит үрейімді қашырды.
Қайта, қайта үңілемін хатына,
Әрбір сөзің айналдырып басымды.

Сезем, жаным, сезім деген осындай,
Секілді ол отқа салар тамызғы.
Қоймас бүгін құшағымыз қосылмай,
Түн де келді тыңдайтұғын аңызды.

Көз жасымнан жатар төске құлап шоқ,
От жалыны сыртқа қарай жұлқынған.
Сені құшам, ғашықтарда ұят жоқ,
Бір-бірінен нәр алуға ұмтылған.

Тауысқан соң шырын суын сезімнің,
Шөл қысады... күн шыжғырып төбеңнен.
Теріп алып әрбір жолын сөзімнің,
Сен өзінді оқып жатсың өлеңнен.

ЖҮРЕГІҢҢЕН АЙНАЛДЫМ

Ғұмырлық көзді арбайтын елесіңмен,
Жаныма жылап жатсам келесің сен.
Көктегі қол жетпейтін бір арманды,
Бұл жүрек,
Білмей қойдым,
Неге сүйген?

Сен мені танымайсың,
Мен сені де.
Аһ ұрып көк теңіздер теңселуде.
Сен – нөсер,
Мен — көшетін ақша бұлт боп,
Мәңгілік келгендейміз жол шегуге.

Сен мені іздемейсің,
Аңсамайсың,
Атымды ұмытарсың,
Қаншама айтсын.
Ойлама, ойламасаң,
Сені ойлаудан,
Мен бармын...
Бұл өмірде шаршамайтын.

Жұлдызбын,
Бір өзінді аңсап туған,
Әлемге,
Өлеңіммен жар сап тұрам.
Айналдым,
Жүрегіңнен сағындырған,
Айналдым,
Үміттерден шаршаттырған.